

### Абай текстологиясына қатысты

Абай шығармаларының канондық нұсқасы бұдан сексен бес жыл бұрын қалыптасты. 1909 жылғы алғашқы кітабынан тамыр тартқан, бұдан соң, 20-30-жылдарда жүре толығып, түзелген, ақыры, 1939 жылы, латынша басылған екі томдық «Толық жинақта» белгілі бір өреге жеткен барлық басылымның түйінді қорытындысы – ұлы ақынның жүз жылдығына орай, 1945 жылы жарыққа шыққан академиялық, үлкен бір томдық болатын. Бүгінгі күнде түйінді, ең бір сенімді түпнұсқа есепті деп айтар едік.

Әйтсе де... Ғылым атаулы, оның ішінде әдебиеттану, яғни бұл ретте абайтану үнемі жаңғырып, жетіліп отырмақ. Осы тұрғыда, ұлы ақын шығармаларының текстологиясы да жаңаша көзқарас орайында, ең бастысы – жеке бір туындылардың ішкі табиғаты, сыртқы түрінен бастау алатын байып, тұжырымдарға жол ашса керек. Абай шығармаларын түгендеу, толықтыру және нұсқалау – арғы, бергі замандағы және қашанда ең ғұлама абайтанушы болып қала беретін Мұхтар Әуезовтің ересен еңбегінің арқасында жүзеге асты. Мұхтар сол тар заманның өзінде бүткіл қазақ халқына Абайды Абай қалпында танытып кеткен еді. Мәтіндерінің нақтылығынан бастап, үйлесімді уәзінге дейін ғылыми екшеу, қапысыз тексерістерден өткерді. Атап айту керек, Абайдың түбіне жету тым қиын. Елеулі тұрғыларды айтпағанда, ұсақ-түйекке дейін жіті қадағалауға тым көп уақыт кетер еді. Сондықтан да Мұхтардан кейінгі заманда Абай текстологиясының жекелеген сәттеріне қатысты әрқилы, кейде кереғар пікірлер айтылып жүрді. Тіпті, ортақол бір әдебиетші Абай текстологиясындағы олқылықтар туралы тұтас бір еңбек жазды. Шағын кітап. Байыптай қарасақ, бастан-аяқ жорамалға құрылғанын көреміз. Мына біз бір де бір сөзін алмас едік. Өйткені, 1909 жылғы алғашқы жинақ, Мүрсейіттің көшірмелері негізінде қалыптасқан кейінгі басылымдар өз алдына, ұлы Абайдың көлденеңнен қарағанда қисынсыз, көпе-көрнеу жаңсақ тәрізді кез келген сөзін жаңарту, өзгерту үшін үлкен жауапкершілік керек. Білгірлік емес, танымның ең жоғарғы деңгейі. Осы орайда, жүз жылдық абайтану ғылымының ең соңғы түйінді қорытындысы – Абай шығармаларының 2020 жылы жарыққа жеткен үш томдық академиялық жинағы деп танылуға тиіс. Біздің ендігі азды-көпті толғамдарымыз осы соңғы басылым төңірегінде өрбімек.

Айттық, шын мәнісінде абайтанудың түп негізі барлық заманда бас абайшыл болып қала беруге тиіс ұлы Мұхтар Әуезовтің риясыз, күрделі, әрі жанкешті ғаламат еңбегінің нәтижесінде жүзеге асқан еді. Және Абайдың алды, артын түгелдей аршыған, болашаққа үлгі тастаған ұлы Мұхтар қашанда айнымас үлгі болып қала беруге тиіс. Бұл ретте М.Әуезов

заманының алмағайып қиындығы, шектеулі тар шеңбер жөнін, фашистік идеологиямен қатар, анталаған көп наданның қырсық, кеселін алға тартпай-ақ қоялық. Өзінің ғылыми зерттеулері, тарихи тетралогиясы арқылы Абайды әуелі қазаққа, содан соң бүткіл советтік империя шегінде ғана емес, белгілі мөлшерде әлем жұртшылығына да танытқан ұлы жазушы, ұлы ғалым бірталай «ұсақ-түйекке» назар аударуға, әлде мұршасы келмеген, әлде қазбалай дәйектеуді қажет таппаған сияқты. Мәселен, Абай өлеңдеріндегі тыныс белгілері. Және уәзін жөні де ақырғы межесіне жетпегенін көреміз.

Әлбетте, тыныс белгілері сөйлем құрылысын қалыптаумен қатар, теріс қойылған жағдайда, түзікті бұзуы, тіпті, мағналық жаңсаққа ұшыратуы кәдік. Қашанда нүкте (.) мен үтір (,), қос нүкте (:) мен үтірлі нүкте (;) ғана емес, сұрау (?) мен леп (!) белгілері, сызықша (–) мен көп нүкте (...) мәтін мазмұнымен қатар, оның мән-мағнасын да айқындай түспек.

Осы, тым жұпыны көрінетін, шын мәнісінде айрықша маңызды жазу нұсқалары Абайдың 20-30-жылдар тұрыпты, 1945 жылғы толық жинағынан бастап, бұдан кейінгі қос томдықтар, ақыры біз тәжірибелік нұсқа ретінде арқау қылмақ үш томдыққа дейін жаппай ұшырасатын үлкен кінәрат. Яғни, әдепкі тыныс белгілерінің тиесілі орнын таппауы, тіпті, жаңсақ таңбалануы.

Абайдың әрқилы басылымдарындағы кез келген өлеңінің тұрпатына қараңыз. Мәселен, әйгілі «Айттым сәлем, қаламқас»:

Айттым сәлем, қаламқас (үтір)  
Саған құрбан мал мен бас (нүкте)  
Сағынғаннан сені ойлап (үтір)  
Келер көзге ыстық жас (нүкте)

Бір шумақ – екі сөйлемге жіктелген. Шын мәнісінде жалғыз-ақ сөйлем болуға тиіс. Әуез бен мағна жағынан ғана емес, шумақтың тұтастығы үшін.

Айттым сәлем, қаламқас,  
Саған құрбан мал мен бас (үтір)  
Сағынғаннан сені ойлап,  
Келер көзге ыстық жас.

Бұрынғы-соңғы барлық басылымда осы алғашқы шумақ қана емес, бүткіл өлең, ең соңына дейін, әр шумақта қақ ортасынан бөлініп отырған.

Қылығыңа жоқ ағат (үтір)  
Қарап тойман жүз қабат (нүкте)  
Ыстық тартып барасың (үтір)  
Бір сағаттан бір сағат (нүкте)

Нақты көрсеткеніміздей, екінші тармақ соңындағы нүкте (.) әдепкі үтірмен (,) алмасуға тиіс еді.

Осы бір өлең, бір үзіктер ғана емес, бүткіл Абай, кез келген жаңа шумағында үнемі екіге жарылып отырады. Мәселен:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырар жердің жүзі (нүкте)  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжітер күннің көзі.

Айтқанымыздай, біртұтас құрмалас сөйлем ешбір қисынсыз екі жай сөйлемге жіктелген. Абайдың ұзына бойында. Рабайсыз іркіліс өз алдына, сол екі сөйлем екі жаққа тартып тұрмақ. Кейде алдыңғы сөйлем аяқсыз, келесі сөйлем бастаусыз қалатыны да бар. Мәселен, мезгілсіз өткен ұл Әбдірахманға қатысты зарлы толғайдың бірінде:

Орынсыз айтпаған,  
Түзу жолдан қайтпаған (нүкте)

Арнау өлеңнің кейіпкері – Әбіштің өзі екені көрініп тұр. Енді осы, тиянақталған сөйлемнен кейінгі екі тармақ:

Жақсылық қылар орында  
Аянып бойын тартпаған.

Кім? – деп сұрасақ қисынды. Бұл кім? Әбдірахмен емес. Алғашқы екі тармақтан соң нүкте (.) қойылған себепті, ой жүйесі үзіліп қалған. Анығы:

Орынсызды айтпаған,  
Түзу жолдан қайтпаған (үтір)  
Жақсылық қылар орында  
Аянып бойын тартпаған.

Яғни, Әбіш туралы біртұтас толғам, екі емес, бір сөйлем арқылы берілген.

Сондай-ақ:

Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға (нүкте)

Ендігі жалғастық:

Шелтірейтіп орысың,  
Шенді шекпен жапқанға.

Тағы да қайыра сұрауға мәжбүрміз: шенді шекпенді кім, кімге жауып тұр? Болысымыз мәз болды да бітті. Өйткені, біртұтас сөйлем қак ортасынан тиянақтаушы нүктемен тұжырылған. Мағналық және мазмұндық тұтасына қарасаңыз, тап былай екен:

Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға (үтір)  
Шелтірейтіп орысың  
Шенді шекпен жапқанға.

Бар жоғыңыз түгенделді.  
Сондай-ақ:

Асқа, тойға баратұғын,  
Жаны асығып, жас жігіт (нүкте)  
Қолға кетті, жауға бір күн,  
Тірі адамның ісі – үміт.

Екінші тармақ – қак ортадағы нүктені үтірмен алмастырыңыз. Тек осы, мысалға келтірілген екі-үш өлең ғана емес, Абайды бастан-аяқ, төрт тармақ атаулыны қайыра түгендеп шығасыз.

Енді, төрт тармақтан гөрі күрделірек шумақтар.

Тайға міндік,  
Тойға шаптық,  
    Жақсы киім киініп (нүкте)  
Үкі тақтық,  
Күлкі бақтық,  
    Жоқ немеге сүйініп (нүкте)  
    Күйкентай күтті,  
    Құс етті,  
    Не бітті?

Ортаңғы екі жолдағы орынсыз нүктелерді алып тастаңыз. Тоғыз тармақты, әдемі бір сөйлем болып шығады.

Ұқсас, үйлес тағы бір үлгі:

Ем таба алмай,  
От жалындай  
    Толды қайғы кеудеге (нүкте)  
Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
    Пендеге.

Ортаңғы нүктенің қисыны жоқ. Өйткені бұл үзік те құрмалас кейіпті бір сөйлем.

Сондай-ақ, алты тармақты «Бай секілді» және артық нүктелерден құтылуы керек. Бұлар ғана емес, тағы қаншама өлең қазіргі шектеулі қалыбын ұзартуға тиіс.

Мұндай орынсыз, қисынсыз және мағнасыз, жаңсақ нүктелер, әсіресе әйгілі «Сегіз аяққа» айрықша зардап келтірген.

Толғаудың әр шумағы – сегіз тармақтан құралған және күмәнсіз, бұл сегіз тармақ – бөлшек емес, бүтін, тұтас бір сөйлем.

Алыстан сермеп,  
 Жүркетен тербеп,  
     Шымырлап бойға жайылған;  
 Қиюдан шауып,  
 Қисынын тауып,  
     Тағыны жетіп қайырған;  
         Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
         Сөйлеймін десең өзің біл.

Бәрі жөн, әрбір тармақ, тыныс белгілерімен қоса, тұпа-тұп өз нұсқасында. Тек қана, үтірлі нүктелердің (;) орнына әдепкі үтір қойсақ қисындырақ. Бірақ қате жоқ. Дәп осы күйінде 2020 жылғы жинақта тұр. Алайда... бұл – академиялық басылымға тиесілі таңба емес. Шынын айтсақ, бір заманда Мұхтар Мағауин қалыптаған үлгі. Үтір, нүктесіне дейін. Алғаш рет Абайдың 1986 жылғы, сол кісі басқарған екі томдығында. Бүткіл «Сегіз аяқ» бастан-аяқ, дәп осы үлгімен. Бұдан соң, «Жазушы» баспасы 1995 жылы шығарған мерекелік екі томдықта көрініс беріпті. Осы бастапқы бір шумақ қана. Енді 2020 жылғы академиялық үш томдықта. Жөн екен дейік. Бірақ манағы алғашқы сегіз тармақ. 1986 жылғы аталмыс топтамадан қаз қалпында ала салған. Онша жөн болмай тұр. Өйткені, біздің нұсқа толығымен қабылданбапты. Тек әуелгі, бастапқы шумақ қана 1986 жылғы үлгіде. Бұдан әрі... аттап жүрмеген. Енді баяғы кепеш. Жаңа, академиялық үш томдықта әр шумақ, тұтас бір сөйлемді қатарынан үш рет бөлшектеген, кембағал қалпында. Неге алғашқы шумақты ғана жаңа үлгіде қабылдап, бұдан соң қалған жиырма төрт шумақты бұрынғыша қотара салған деп бас ауыртпайық. Академиялық қайраткерлер тапа-тал түсте жан қинап, үтір мен нүктені шұқылап отырудан жалығып кеткен де, үйреншікті соқпаққа қайтадан түскен. Анығы – бұларға 1986 жылғы басылым мүлде белгісіз қалыпты. Енді мінекиіңіз:

Өткірдің жүзі,  
 Кестенің бізі  
     Өрнегін сендей сала алмас (нүкте)  
 Білгенге маржан,  
 Білмеске арзан,  
     Надандар бәһра ала алмас (нүкте)

Қиналма бекер тіл мен жақ,  
Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Қайталап айтайық, айрықша көркем және терең мағналы өлең шумағы – сегіз тармақты бір сөйлем. Мәнсіз, мағнасыз, шалағай үш бөлшекке жіктедік. Және бүткіл «Сегіз аяқты» ақырына дейін.

Енді 1986 жылғы нұсқамызды қайыра байыптасақ:

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған,  
Қиюдан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең өзің біл.

Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас,  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар бәһра ала алмас,  
Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Міне, осы құрылым, осы үлгімен басынан соңына дейін – жиырма бес шумақ тұтасымен.

Ендігіде ұлы Абайдың барлық өлең мұрасын біз шет-жағалап көрсеткен үлгі бойынша, тыныс белгілерін жаңаша қалыптап, түзеп шығу – ешқандай қиындыққа түспесе керек. (Бір уайым жүз қайғыны қозғайды дегендей, ренішпен еске түсті: бұдан қырық жыл бұрын, қайыра шығып жатқан Шәкерім шығармаларының уезін, өлшеміне қатысты көлемді мақала жазып едік, бәрін бірдей қамту мүмкін емес, нақты бір мәтіндерді мысалға келтіріп; кейінгі басылымдарда көбі түзетіліпті, бұл сөз – манағы атаулы үзіктер турасында ғана, ал дәп осы үлгідегі тағы қаншама өлең сол бұзылған қалпы, күні бүгінге дейін нешеме қайыра жарияланды; ал негізі берік Абайдың жағдайы басқаша, менің осы орайдағы, айтқан және айтылмаса да айқын танылып тұрған барлық лепесім ерте ме, кеш пе, мүлде ескерусіз қалмас деп үміттенем.)

## 2

Енді Абай өлеңдерінің сыртқы құрылымы – уезін турасында азғана сөз.

Ескі қолжазбаларда қандай да өлең-жырдың сыртқы құрылымы ескеріле бермейді. Мәселен, «Сегіз аяқ» міндетті түрде сегіз тармақ ретінде таңбалануы шарт саналмаған. Бір жолын екінші жолға тіркелей береді: «Алыстан сермеп, жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылған...» деген сияқты. Осы ретте мен жақсы білетін, түбегейлі зерттеп таныған Шәкерім қолжазбалары бастан-аяқ дерлік қара сөз үлгісімен таңбаланған еді. Ақын ақталған кезде, оңай олжа тауып, жапырлай ұмтылған «шәкерімтанушылар» сол беті көшіріп, көп ретте сол қалпында дерлік баспаға ұсынып жүрді. Ал Абайдың жөні басқаша шешім тапқаны әуелден-ақ сауатты қолға түскендіктен. «Сегіз аяқ» – сегіз тармақ ретінде, басқа өлеңдер де қадарынша, тиесілі жол, дербес шумақтарымен ажыратылып. Әйткенмен, бұл ретте де назардан қақас қалған жағдайлар ұшырасады.

Ұлы Абай әу бастан, жас кезінде өзгеше үлгілі шығыс әдебиетін игере таныған еді.

Фзули, Шәмси, Сәйхали,  
 Науаи, Сағди, Фердауси,  
 Хожа Хафиз – бұ һәммәси –

ақындық мектебінің бастауы болды. Осы ретте бізге жеткен санаулы туындылары: «Йүзі – раушан, көзі гауһар» шәкірттік еліктеу десек, «Әліфби» өлеңі – білімдар ғана емес, шығыс поэзиясының қыр-сырын еркін игерген кемел туынды. Ал ақындық жолға бас қойғаннан соң жазылған алғашқы махаббат жырлары – шығыстың классикалық поэзиясының мазмұндық және пішіндік ауқымынан алыс емес. Сыртқы сыпатына келсек, қосарлы бәйіт үлгісі Абайдың бүткіл ғұмырына созылған. «Қан сонардан» өтіп, «Қысқа» жалғасады. Бұл ерекше жағдайды Абайдың орыс аудармашылары бірден байқаған. Тіпті, төрт тармақты шумақ емес, егіз жол арқылы тәржімалап жатады. Бірақ біздің тұрғыдан көп байқала бермейтін жағдайы бар. Осы ретте біз Абайдың үйреншікті үлгімен басылып жүрген кейбір өлеңдерін басқаша қалыптар едік. Мәселен, «Сәулең болса кеудеңде». Бұрнағы және соңғы (2020) басылымдар бойынша:

Сәулең болса, кеудеңде,  
 Мына сөзге көңілің бөл (нүкте)  
 Егер сәулең болмаса,  
 Мейлің тіріл, мейлің өл.  
 Танымассың, көрмессің,  
 Қаптаған соң көзді шел (нүкте)  
 Имамсыздық намазда  
 Қызылбастың салған жол...

Жеті-сегіз жолдық шалыс ұйқас сияқты. Шын мәнісінде мүлде басқаша:

Сәулең болса кеудеңде, мына сөзге көңілің бөл,  
Егер сәулең болмаса, мейлің тіріл, мейлің өл.

Танымассың, көрмессің, қаптаған соң көзді шел,  
Имансыздық намазда қызылбастың салған жол...

Егіз ұйқасты (а-а, а-а) бәйіт үлгісі. Және бастан-аяқ аттамалы емес,  
өлеңнің ақырына дейін созылған келісім.

Аттамалы бәйіт үлгісі:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.

Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық –  
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.

Ақыл, қайрат жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың, елден бөлек...

Бұл – біздің қалып: а-а, ә-а, б-а...

Бұрнағы және кейінгі басылымдар жөні:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық,  
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек...

Абайдың дәстүрлі бәйіт үлгісін жаңаша жетілдірген реттері де бар.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін,  
Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –  
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
Көңілінің көзі ашық, сергегі үшін.

Егіз емес, үш егізден құралған алты тармақ. Әйткенмен ұйқасы ежелгі  
үлгі бойынша: а-а, ә-а, б-а... Жинақты алты жол – бір шумақ.

Абайдың мазмұндық, түрлік тұрғыдағы өзгеше бір шығармасы – «Сен  
мені не етесің».

Бұрнағы басылымдарда – жиыны он екі шумақ. 2020 – академиялық  
жинақта кәміл аңдап, ортақ ұйқасты, қатарлас екі шумақты жаңадан  
біріктіріп, күрделі алты шумаққа түсіріпті. Жөн-ақ. Алайда, уәзінде  
ескерілмей қалған бір кілтипан бар еді. Бұрнағы бір шумақ – жеті тармақ,  
ендігі қосарлануда он төрт тармақ болып тұр. Шын мәнісінде, алты да – он



екі тармақ болуға тиіс. Үздік туындының әуезі мен екпіні сол қалпында сақталуы үшін.

Енді ажырата қарастырайық.

Академиялық басылым, тыныс белгілері біздің нұсқада:

Сен мені не етесің?  
 Мені тастап,  
 Өнер бастап,  
 Жайыңа,  
 Және алдап,  
 Арбап,  
 Өз бетіңмен сен кетесің.  
 Неге әуре етесің?  
 Қосылыспай,  
 Басылыспай,  
 Байыңа,  
 Және жаттан  
 Бай тап,  
 Өмір бойы қор өтесің...

Өте күрделі құрылым. Түйдекті, ұзақ шумақтың алғашқы бөлігі мен кейінгі бөлігі өзара шарпысып жатқан ілгішек тағы бар. Әйтсе де, академиялық басылымда бұрнағы жорамен бір жол артық шыққан. Бұл – бесінші, алтыншы, және соңынан санағанда екінші, үшінші тармақтар. Анығы – бір ғана жолдан: «Және алдап, арбап»... «Және жаттан бай тап». Алысырақтан болса да, өзара ұйқасып тұр. Үшінші тармақта айқынырақ: «Арманда өмір өтті...», «Ажал уақыты жетті». Екеу емес, бір жол. Бұл ретте, жаңарған екінші шумақтағы: «Иттей қормын, зармын» деген ішкі ұйқасқа алданбауымыз керек. Ұзақ өлеңнің қайырымында жалғыз-ақ рет ұшырасқан жағдаят.

Енді, классикалық мәтінді тұтасымен қайталап жатпас үшін, біздің ұғымда бірге тұруға тиіс қос тармақтарды қайыра байыптасақ, былай болып шығады. Басынан тартқанда: «Және алдап, арбап» – «Және жаттан бай тап»; «Иттей қормын, зармын» – «Бүгінгі күн бармын»; «Арманда өмір өтті» – «Ажал уақыты жетті»; «Шегінісіп қайтпас» – «Ешкім сөгіс айтпас»; «Бір сөз айтар хал жоқ», – «Ішінде ыстық қан жоқ»; «Қылмаған соң алла» – «Сұрамас деп қалма».

Енді әйгілі «Айттым сәлем, қалам қас».

Жалпы жұртқа белгілі әуезді қайталап берсек артық емес. Неге екенін артынан аңдайсыз. Сонымен:

Айттым сәлем, қалам қас,  
 Саған құрбан мал мен бас (нүкте)  
 Сағынғаннан сені ойлап  
 Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,  
Туса туар, артылмас (нүкте)  
Бір өзіңнен басқаға  
Ынтықтығым айтылмас.

Хош. Бәрі орнында тұрған сияқты. Шындығында сәл-пәл басқаша. Жоғарыда ескерткен артық нүктелер өз алдына. Атақты әуездің әр шумағы төрт тармақтан еді ғой. Бажайлап қарасақ, қызғылықты жағдаят. Міне, қараңыз: қалам қас – мал мен бас, – ыстық жас – жан тумас – артылмас – айтылмас. Бұдан әрі бойласаңыз, өлең бастан-аяқ егіз төрт жол, өзара кіріккен сегіз тармақтан құралады екен, ұйқас та соған орай: айнымас – қайрылмас – айрылмас – қарамас – жарамас – жалаңаш... Ән-өлеңнің ақырына дейін. Яғни, Абайдың алдағы басылымдарында әр шумақ сегіз тармақтан есептелуі керек. Бұл да көркем, өзгеше бір үлгі. Жігіт сөзіне орай қыз сөзі де бастан-аяқ, өзара үйлес екі шумақ біріккен сегіз тармақтан тұрады.

Ұйқас, немесе тармақ жөні емес, сөздің мәтін ішінде жаңсақ орналасуына мысал. Сырттай қарағанда, мүлде елеусіз кінәрат емес. Міне:

Ем таба алмай,  
От жалындай,  
Толды қайғы кеудеге (үтір),  
Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай,  
Пендеге.

Әдепкі, орынсыз нүктені айтпағанда, ештеңе бүлінбесе де, бұл қалпында өлеңнің ырғақ, әуезі бұзылып тұр. Бесінші тармақ неге басқа қатарда таңбалануы керек? Шын мәнісінде төртінші тармақпен егіз емес пе. Ендеше:

...Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
Пендеге.

Бұдан әрі осы үлгімен кете беруге тиіс:

Ұйқы, тамақ  
Қалды тым-ақ  
Керегі жоқ іс болып (үтір)  
Жай жатпағым  
Тыныш таппағым  
Күш болып.

Абайдың өзгеше тұрпатты өлеңінің бірі – баллада кейіпті «Асқа, тойға баратұғын». Барлық басылымда жеке шумақтардың ара жігімен, алайда

жалғас, біртұтас берілген. Шын мәнісінде бұл өлең өзара дербес алты бөліктен құралған.

Алғашқы екі шумақ – экспозиция, болмыстың мән-жайы:

Асқа, тойға баратұғын (үтірсіз)  
 Жан асығып жас жігіт (нүкте емес, үтір)  
 Қолға кетті, жауға бір күн,  
 Тірі адамның ісі – үміт.  
 Қозғады жау батыр ерді,  
 Жауға сойқан салғалы (үтір)  
 Қалыңдығы қала берді,  
 Жатыр еді алғалы.

Келесі, үшінші шумақ – авторлық баға:

Асықсаң да шырағым,  
 Саған деген құданың  
 Жазылған жоқ жарлығы,  
 Есіткен жоқ құлағың.

Болашақ трагедияның әуелгі елес, ескертпесі. Әлбетте, алдыңғы шумақтардан бөлініп, қайырма сияқты, азат жолдармен берілуге тиіс.

Жалғас екі шумақ – қалыңдықтың ұшпа көңілі, келешек тойға әзірлігі. Алдыңғыдай, өлеңнің ендігі қайырмасы есепті, айырма – қатер белгісі сыз береді:

Сен асыққан екен деп,  
 Алла әмірін өзгертпес (үтір)  
 Айтқаның болар ма екен деп,  
 Мен қорқамын, көз жетпес.

Енді майдандағы жігіттің жағдайы. «Жара басты кеудені!» – қазаға ұшырады. Қайғылы жағдайды естіген қалыңдық та, тәрізі, нала мен құсадан дүние салады. Әуелден жазмыш екен.

Ең соңғы шумақ – тағы да авторлық баға, балладаның түйіні:

Шыны ғашық жар болса,  
 Неге өлдім деп налымас (үтір)  
 Онда екеуі кез келсе,  
 Бірін бірі танымас.

Мүлде күтпеген шешім. Екі ғашық о дүниеде өзара бөтен, бірін бірі танымайды, яғни, махаббат – бұ дүниелік қана құбылыс екен.

Біздің мақсат – өлеңді талдау емес, кейінгі басылымдарға кеңес. Оқиға өрісі, авторлық анықтамаларға қарай, қазіргідей ара жіксіз, жалғас беру – өзгеше балладаның мазмұны ғана емес, әсеріне де кері ықпал етпек.

## 3

Енді, уәзінге қатысты, осы уақытқа дейін орнын таппаған бірнеше кілтипан.

«Оспанға», екінші жоқтау. Мәтін өз орнында, өлең тармақтары да тиісінше жіктелген. Алғашқы шумақ – барлық басылым, оның ішінде 2020 жылғы академиялық нұсқа:

Кешегі Оспан,  
 Бір бөлек жан,  
     Үйі – базар, түзі – той (нүкте емес, үтір)  
 Ақша нәрсе  
 Ала берсе,  
     Ат та мінсе, көнді ғой.

Соңғы тармақтар басқаша түзілуге тиіс:

Ақша нәрге  
 Ала берсе,  
 Ат та мінсе  
     Көнді ғой.

Бұдан әрі:

«Ала берден»,  
 «Келе көрден»  
     Бір күн басын бұрды ма?  
 Келді қаптап,  
 Алды сап-сап,  
     Кетті мақтап, тұрды ма.

Жаңағы үлгі бойынша:

Келді қаптап,  
 Алды сап-сап,  
 Кетті мақтап,  
     Тұрды ма.

Арнау бастан-аяқ алдынала бекітілген мінсіз ұйқасты: а-а-ә, б-б-ә... Жиыны әр шумақта алты жолдан емес, жеті жолдан. Бастан-аяқ.

Атап айтар бір жағдай, соңғы, 2020 жылғы басылымда шумақтардың ара жігі қосылып, шұбыртпалы, біртұтас өлең болып шыққан. Мүлде қате көрініс. Алдағы заманда бұрнағыша, тиесілі шумақтар жөні, тек жаңаша жіктеумен берілуі шарт.

Жалғас, 1993 жылы жазылған «Бойы бұлғаң» да осы ретпен қалыптануға керек. Әрине, артық, орынсыз нүктелерден арылып.

Қазіргі нұсқа нақпа-нақ, «Оспанға» бойынша берілген:

Бойы бұлғаң,  
Сөзі жылмаң  
    Кімді көрсем, мен сонан  
Бетті бастым,  
Қатты састым,  
    Тұра қаштым жалма-жан.

Оңы – жаңағы үлгімен:

Бетті бастым,  
Қатты састым,  
Тұра қаштым  
    Жалма-жан.

Әмсе, өлеңнің ұзына бойында:

Түзде мырзаң,  
Үйде сырдаң,  
Сөзі қылжаң  
    Еркесіп.

Ең ақырында:

Өз тұтуға  
Сыйласуға  
    Қалмады жан бір татыр,  
Сыпыра батыр,  
Пәле шақыр,  
Болдың ақыр  
    Тап-тақыр

Және:

Су жұғар ма,  
Сөз ұғар ма,  
    Сірә жылмаң желбуаз,  
Айтты – көндім  
Алды – бердім,  
Енді өкіндім,  
    Өзіме аз.

«Қатыны мен Масақбай». Былығып кеткен. Әу бастағы құрылымы бұзылыпты. Тіпті, жүз жылдық толық жинақ ескерілмеген. Тақырыпқа сәйкес екі бөліктен тұратын өлең еді. «Байы», «Қатыны» деп жіктелетін. Ал кейінгі басылымдар, оның ішінде 2020, академиялық нұсқада ажыратусыз, қосылып берілген.

Сонымен, таратып айтсақ, түпнұсқада әуелі «Қатыны»:

Сырмақ қып астына  
Байының тоқымын,  
Отының басына  
Төрінің қоқымын  
Бүксітіп,  
Бықсытып,  
Қоқсытып келтірді.

Бәрі жөн. Тек қана соңғы тармақ ажыратылуға тиіс:

...Қоқсытып,  
Келтірді.

Жалғас екінші шумақтың соңында:

Бүксиіп,  
Сексиіп,  
Түксиіп  
Өлтірді –

болуға тиіс. Алдыңғы «Келтірдімен» берік ұйқасып тұр.

Ендігі анықтама тақырыпша – ол да соңғы басылымдардың бәрінен түсіп қалған «Масақбай». Мұнда да алғашқы орамның соңында:

Келді, ойбай  
Салды айғай,  
Түк қоймай боқтады.

Нақпа-нақ. Әйткенмен бұл ретте де соңғы тармақ екіге бөлінуге тиіс:

...Түк қоймай  
Боқтады.

Масақбайға қатысты келесі шумақтың ақыры:

Барқылдап,  
Тарқылдап,  
Салпылдап  
Тоқтады –

болуға тиіс. Солай қалыптасақ, әзіл мен кекесінге құралған, тіпті, мәнсіз көрінуге мүмкін, қатардағы өлеңнің бірі өзінің шынайы көркемдік биігін табады екен.

Енді өткенге азғана шегінсек, «Ем таба алмай...» деп басталатын өлеңді аттап кете алмаймыз. Ілкіде ұшырасқан, тым күрделі емес, бірақ әуез бен ырғаққа қайшы кінәрат.

Соңғы, 2020 жылғы басылым бойынша:

Ем таба алмай,  
От жалындай,  
Толды қайғы кеудеге (нүкте)  
Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
Пендеге.

Бір шумаққа сыйған бір сөйлем, үйреншікті ғадет бойынша екіге бөлініпті. Бұдан соң, төртінші, бесінші тармақтар неге ажыратылған – өзара ұйқасты егіз жолдар емес пе. Сонда табиғи қалыбы:

Ем таба алмай,  
От жалындай,  
Толды қайғы кеудеге,  
Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
Пендеге.

Өлеңнің ақырына дейін осы тұрпат.

Тағы бір кілтипан бар. Соңғының алдындағы шумақ:

Жас теректің  
Жапырағы  
Жамырайды, соқса жел (нүкте)  
Түсті мойын,  
Толды қойын,  
Ақты сел.

Манияға айналған ортаңғы нүктені, соңғының алдындағы егіз ұйқасты қос тармақты айтпасақ, әлдене жетіспей тұрғаны, әдепкі әуез бұзылғаны анық аңдалады.

Өлеңнің ұзына бойына созылған қалыпты ырғақ пен ұйқасқа назар аударсақ, оп-оңай айғақтар едік. Бал ашып, немесе әлдебір түпнұсқаны іздестіріп әуре болмай-ақ нақпа-нақ айқындалмақ.

Мінекиіңіз:

Жапырағы

Жамырайды  
 Жас теректің соқса жел,  
 Түсті мойын,  
 Толды қойын,  
 Ақты сел.

## 4

Абайдың бастауы – «шығыс ақындарынша» толғаған «Йүзі – раушан, көзі – гауһар». Академиялық та, қатардағы толық жинақтар да, тіпті, кез келген көлемді жинағы осы өлеңмен ашылуға тиіс. «Кім екен деп келіп ем түйе қуғаннан» емес. Бұл – ауызекі жеткен, бала Абай әлдеқалай айтып тастапты-мыс, жадағай бір шумақ. Тамағы тоқ, жағдайы озық, небәрі он-он бір жастағы бай баласының бейәдеп шолжыңы. Тіпті, қаншама заманнан соң әлдекімнің есінде сақталып, сол қалпы таңбаға түсуінің өзі күмәнді. Өлбетте, көркемдігі және төмен. Жинақтан жинаққа сүйрелей берудің қисыны жоқ. Біз қатысқан 1977 жылғы академиялық екі томдықта да, біз басқарған 1986 жылғы екі томдықта да аттап кеткенбіз. Алдағы уақытта да қатарға қосылуға тиіс емес.

Енді 2020 – академиялық үш томдықты түйіндеп тұрған өзгеше бір «жаңалық» туралы. Абайға тиесілі өлең деп саналған. Бұрнада 1977 жылғы, ол да академиялық екі томдыққа енген еді. Ақыры, біржола бекігендей, үш томдықтан орын тауыпты. Өткен әр заманда ара-тұра «Абайдың жаңа бір өлеңдері» табылып жататын. Шын мәнісінде, Абай сарынындағы, еліктеуіш, немесе негізі қисынсыз дүниелер. Ешқашан ешқайсы атаулы топтамаларға енген емес. Бұл жолы өзгеше жағдай: ауызша, немесе көлденең таңбалар арқылы емес, төңкерістен бұрын басылған әлдебір кітапқа шыққан нұсқа депті. Айта кету керек, Абайдың бірнеше мағлұм өлеңі бой көрсететін, 1909 жылы Уфада шыққан бұл жинақты ұлы Мұхан жақсы білген. Алайда, «жаңа» бір шығармалар назарға ілінбепті, өйткені бұл шалағай нұсқалар – ауызекі айтылымдағы арзан дүниелер деп танылған. Ең бастысы – Абайдың әлхамы айқын танылып тұруға тиіс еді. Ал қарайлас тобынан озған мынау өлең тым қораш. Міне қараңыз:

Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек,  
 Бой жеңбек, ер жігітке ғақыл таппақ.  
 Тағдырын көрушінің Хақтан біліп,  
 Көшелі өнер иесін жүрсе жақтап.

Ниетің түзу болса сенің аппақ,  
 Екі елі ауызыңа қойсаң қақпақ.  
 Сыбыр, өсек дегенді сырттай жүріп,  
 Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ.



Бірінші шумақ – шалағай, екінші шумақ – жадағай. Ұйқас қана емес, сөз қолданысы мен ой толғамы да кембағал жатыр. Мұндай Абай болмайды.

Абайдың барлық кітабы, барлық өлеңінде ақсап жатқан, тіпті, сорақы дерлік тыныс белгілеріне қайтып оралсақ, алдағы жинақтарда бұл аса мәнді мәселені мүлде ескерусіз қалдыруға болмас. Өйткені... орынсыз қолданылған үтір мен нүктенің тиесілі мәтінді мүлде басқа мағнаға бұрып әкететін жағдайлары да ұшыраспақ.

Сөз соңында осындай бір-екі кілтипан.

Әйгілі «Қыс»:

Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Сонда, бұл қаһарлы қыс «борандай» болғаны ма? Боран сияқты қыс. Шындығы – борандатқан қыс, бүгінгі қалыпты мәтінде әдепкі үтір түсіп қалған:

Борандай, бұрқ-сарқ етіп долданғанда...

Немесе, анығы:

Борандап, бұрқ-сарқ етіп долданғанда...

Осы соңғысы болар. Долбар емес, анығы.

Осыдан гөрі мәндірек бір жағдаят. Мұнда да тыныс белгілері шешуші қызмет атқарып тұр. Мүлде қойылмаған, немесе теріс таңбаланған соң, бәрі күңгірт, бәрі жаңсақ.

Мінекиіңіз, Абайдың 1961 жылғы, тұтас бір томдық басылымы бойынша, «Әбдірахман өлімінен соң өзіне айтқан жұбатуының» бел ортасындағы бір үзігі:

Кәркиден пілдей қуатты,  
Тағы арыстан жүректі,  
Аплатон, Сократ ақылды,  
Қаһарман Ғали білекті.

Бәрі өз орнында тұрған сияқты. Аплатонымыз – Платон, Сократтың жайы анық. Ал «кәркиден піл» деген не пәле – сірә, алып күшті. Қаһарман Ғали – қазақ арасында кең тараған діни жырларда дәріптелетін теңдессіз батыр Хазіреті Ғали. Тек «тағы арыстан» ғана аз-маз күмәнді – асыранды арыстан болмайды, мейлі, сөз орайымен айтыла салған дейік. Шын мәнісінде бәрі басқаша:

Кәркиден, пілдей қуатты,  
Тағы, арыстан жүректі,

Аплатон, Сократ ақылды,  
Қаһарман, Ғали білекті.

Ерекше ешқандай құпиясы жоқ. Бастапқы «кәркиден» – бүгінгі тілімізде «мүйізтұмсық» – орысша «носорогтың» тікелей аудармасы. Абай бұл кәркиден туралы Ғақылия сөздерінде сілтеме жасап отыратын және прозада үлгі тұтқан «Бабұрнамадан» білген. Бабұр атақты кітабының Үндістан тарауында осы өзгеше өлкенің халқы, табиғаты және жан-жануарлар әлемі туралы баяндай келе, өзгеше бір мақұлық кәркиденге сыпаттама берген: долы, бірбеткей және алып күшті деген. Міне, қазаққа сырттай жақсы мағлұм пілмен қабаттаса аталуының мәнісі.

Тағы мен арыстанға келсек, арыстан жайы жалпыға мағлұм, ал тағы дейтін аң туралы қазірдің өзінде көпшілік жұрт біле бермеуі мүмкін. Бұл тағы – Еуразия даласы, оның ішінде қазақ жерінде ХІХ ғасырдың басына дейін өсіп-өнген жабайы жылқының бір түрі болатын: өте жүйрік, бұла және қайратты жануар. Махамбетте: «Тағыдай түн түре қараған...» Абайдың өзінде, «Сегіз аяқта»: «Тағыны жетіп қайырған... Толғауы тоқсан қызыл тіл...» Күні бүгінде Моңғол үстіртінде әлі бар. Ағайын жұрт «тахы» дейді. Өткен ғасырда Еуропа тарабынан алғаш рет отаршыл саяхатшы Пржевальский көріп, сыпаттаған. Бұдан соңғы заманда, неше мың жылдық тарихи ғұмыры бар тағы – Пржевальский жылқысы аталып жүр, осы Пржевальский жаратып, жер бетіне түсіргендей. Айта кетейік, біздің «Аласапыран» тарихи романымыздың бірінші кітабы, қазақ аңшылығы, қазақ тұрмысына қатысты тарамдарда бұл тағы жануар біршама сыпатталған.

Енді «Қаһарман Ғали» туралы. Хазіреті Ғалидың жалпы мұсылман қауымында ғана емес, қазақ қисса-хикаяларында теңдессіз батыр, ғажайып күш иесі ретінде сыпатталатыны бар. Бірақ біздің орайдағы «қаһарманның» жөні басқаша. Тіпті, Хазіреті Ғалидан асқан алып күш иесі: кейінде мүлде ескерусіз қалып, ұмытылуға жақындаған, бүгінгі күнге әуелгі таңдама жыры емес, әлсіз бір нұсқасы ғана жеткен ерлік жырының басты кейіпкері. Бұл Қаһарманды болашақта қауіп санаған кәпір жындар бесікте жатқанда Қап тауына алып кетеді де, жақын тумасы ретінде өсіріп, жеткізеді, өздерінің әрқилы соғыстарына жұмсайды, ақыры Қаһарман кездейсоқта жын емес, адам нәсілі екенін біліп қалып, енді жын атаулыға қарсы соғыс ашып, Қап тауын пәлекеттен тазартады. Бұдан соң адамзат арасына қайтып оралып, мұсылман елдерімен танысады, ақыры Мекеде Хазіреті Ғалимен ұшырасып, күреседі, сонда мұсылман-исламның бас батырын төбесінен асыра көтеріп алып, бірақ күйретіп өлтіруге қимай, қайтадан тап қойғанда, Хазіреті Ғали қара жерге тізесіне дейін кіріп кетіпті. Бауырына іш тартқан Мұхамбет пайғамбар араға түсіп, екеуің де мұсылмансың, бірлікте, тату, дос-жар болыңдар деп, жұғыстырған екен. Менің тоғыз-он жасымда Қашымашым дейтін дарқан ұстадан естіген қалшым. Бүгінде қайда, қаншалық сақталды – хабарым жоқ. Міне, Абай толғауында Хазіреті Ғалимен қабаттас, бірақ алдында аталған Қаһарманның жайы.

Абай жоқтауының біз келтірген үзiгi әр кезде әрқилы басылып жүрдi. Бірақ Аплатон мен Сократтан басқасы нақты байыпталмаған. Тағы арыстан, кәркіден піл, қаһарман Ғали... Ең соңғы, 2020 жылғы академиялық үш томдықтың Бірінші кітабында сол қалпы дерлік:

Кәркәдән, пілдей қуатты,  
Тағы арыстан жүректі,  
Аплатон, Сократ ақылды,  
Қаһарман Ғали білекті.

Бұрнағыдан бар айырма – пілге тәтелес қуатты жануардың аты сәл басқашарақ жазылуы: «кәркәдән». Және сөз соңында түсініктеме берілген: кәркәдән – «парсыша кәргәдән, – керік, жираф» депті. Айттық, Бабұр бойынша, соған орай Абай жазуында «кәркіден» және ұзынтұра жираф емес, асау, тентек, айрықша күшті, шомбал жануар – мүйізтұмсық.

Осымен тоқтайық, әзірше. «Бас жағына», яғни Абайдың қалыпты өлең нұсқалары, ондағы «алай емес, былай болуға тиіс» кінәраттар жағын сөз қылудың өзін артық көрдік. Қашанда Абай өлеңдерінің кейінгі басылымдарында ұшырасатын «жаңсақ» жағдаяттар туралы байқақтап сөйлеу керек. Біздің байыбымызша, бүгінде бәрі де өз орнында тұр. Анау емес, мынау – тек қана долбар болып шықпақ. Сонымен қатар, Абайдың бар сөзінің мән-мағнасын ұғындық, түбіне жеттік деп айта аламыз ба? Жоқ. Оған біздің ой-өрісіміз де, білігіміз де орайласа бермейді. Жұмбақ емес, ақиқат шындық. Керек десеңіз, біз Абайдың қаншалық алып тұлға екенін күні бүгінге шейін толық ұғынып болғамыз жоқ.

Менің алғаш рет он сегіз жасар студент кезімде Абай текстологиясын өзімше байыптап, қалам тартқан, әдебиет газетіндегі, Мұхтар Әуезовтың өзі қолдап отырғызған бір тасыр ағайынның айқайы астында, сол редакцияда қалып, мүлде жоғалған балаңқы мақаламнан соң, қаншама заман, 1986 жылғы жинағында ішінара жүзеге асқан, енді тағы соншама, өмірдің ақырғы кезеңінде сәтімен таңбаға түскен дәйекті, қажетті мақаламыз осымен тәмам болса керек.

Силвер Сприң, Мэриленд, АҚШ.,  
24-27.X.2024.